

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.01.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/88597/>

РАЗОВА ЖАНЫМАЙ ТОРЕБЕКОВНА.

№ 1 «Ботақан» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің оқу тәрбие жоспары  
Білім беру салалары: Қатынас.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Қыс қызығы.

Мақсаты: сурет бойынша әңгімелесуді жалғастыру, қыс мезгілін сипаттай отырып, сөздік қорын дамыту, сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру.

Міндеті: а) Білімділік: қыс мезгілі жайында әңгімелесу, балаларға сұрақ қою арқылы қысқы серуен тақырыбы аясында білімдерін кеңейту.

ә) Дамытушылық: қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту.

б) Тәрбиелік: табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Көрнекіліктер: № 18 демонстрациялық материал (қысқы серуендегі балалардың суреттері (аққала, шырша суреттері)).

Сөздік жұмыс: аққала, шана, қар.

ҰОҚ кезеңдері Жоспарланған оқу қызметінің әрекеті

I Кіріспе бөлім Шырша, шырша, шыршамыз әнімен балалардың назарын тәрбиешіге аударту.

II Негізгі бөлім

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Қазір жылдың қай мезгілі?

Ауа райы қандай?

– Дұрыс, қазір қыс мезгілі.

№ 18 демонстрациялық материалмен жұмыс.

Балалар суретте жылдың Қыс мезгілі бейнеленген. Қыс келді. Айнала аппақ қарға оранған, өзенге қалың мұз қатты. Қыста ауа райы суық, боран болады. Қыста балаларға ойнайтын ойындар өтте көп олар қар аттысу Аққала жасау жәнеде шанамен

сырғанау. Апақ қар адамзат баласына қуаныш, шаттық, жаңалық, тазалық әкеледі. Қыста далада көп ойнаған денсаулыққа пайдалы. Өйткені қыстың күні ауа таза болады. Қыс тамаша мезгіл.

Сөздік жұмыс: аққала, шана, қар.

Балалар мынау Аққала

– Аққала қандай?

Аққала – қардан соғылған домалақ қыс кейіпкері.

Балалар сендер ойын ойнағыларыңыз келедіме?

Ойын: «Аққала құрастыру».

Сергіту сәті:

Қар жауғанда топ бала,

Соқты келип Аққала.

Мұрны сәбіз үп үшкір.

Көзі көмір кап қара

Өтте жақсы балалар, енді біз енді біз Қарды қолдарымен ұстап оның мұздай және де ыстыққа еріп кеттетінін көрсету.

Мнемокестелер арқылы «Қыста» өлеңін жаттайықшы.

III Қорытынды бөлім – Қыста балалар немен сырғанайды - Балалар, біз кіммен ойнадық?

-Енді өздерің далаға серуенге шыққанда Аққаланы жасап көріңдер.

Сау болыңдар!

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.